

Кітапқұмарлар бас қосты

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Кітапханадағы түн-2014. Жанды кітапхана» атты шара өтті.

Бұл күні рухани орда кешкі сағат 18.00-де ашылып, оқырмандарды отандық және шетелдік көркем әдебиет әлеміне жетеледі. Кітапқұмар қауымға әдебиет туындыларының кейіпкерлері таныстырылды. Шараға қатысқан Павлодар қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары шағын көріністер ұсынды.

Жиында кітапхана жанындағы суретшілер, фотосуретшілер, қолөнер шеберлері және гүл өсірушілер клубтарының өкілдері шеберлік сабақтарын өткізді. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері Абай шығармашылығына саяхат жасады. Жергілікті шығармашыл жастар да назардан қалмай, Ғ.Машрапова, И.Приходько, Ю.Куркан, Д.Ларионов жырдан шашу шашты. Шараға белсенді қатысқан жастарқұнды сый - кітаптарға ие болды.

Ш.ШАХМЕТОВА,

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана директорының орынбасары.